

КЕЛІСІМ ШАРТ № 3938
Кәсіптік практиканы өткізу туралы

Шымкент қаласы

2025 жылғы «15» 09

Бір жағынан ҚР ҒЖЖБМ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан Қоғам жарғысы негізінде әрекет етуші Басқарма төрағасы - ректор Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Закибұдан әрі «Білім беру ұйымы», екінші жағынан ҚР Мемлекеттік ҒЖЖБМ

«Сейсен» Әлеуметтік-Ғылыми Шымкент қаласы мемлекеттік университеті негізінде әрекет ететін (кәсіпорын, мекеменің атауы) (кұрылтайшы құжаттардың реквизиттері, БИН)

бұдан әрі «Кәсіпорын» арасында Қазақстан Республикасының (басшысының Т.А.Ә.)

колданыстағы заңнамаға сәйкес келісім-шарт жасалды

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Білім беру ұйымы 630221, 6302210 - Ғылым білім беру бағдарламасы (біліктілігі) (БББ шифры және атауы) Діңбөке

бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

1.2. Кәсіпорын күнтізбелік кестеге, кәсіптік практика бағдарламасына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жағдай жасау бойынша қызметтер көрсетеді.

1.3. Білім алушылар өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

2.2. академиялық күнтізбеге сәйкес Қыркүйек 22 оқу нысаны бойынша 630221 - Ғылым, 6302210 - Ғылым білім беру бағдарламасында оқитын студенттерді Әлеуметтік-Ғылыми Шымкент мемлекеттік университеті практиканы өту мақсатында кәсіпорынға жіберу, (практика түрі)

кәсіптік практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

2.3. кәсіпорынға кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

2.4. білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен тиеселі білім беру бағдарламалары бойынша практика жетекшілерін бекіткен бұйрықты ұсыну;

2.5. кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушылармен сақталуын қамтамасыз ету;

2.6. білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикасына мерзімді бақылау етіп, оның дәстүрлі және қашықтықтан өтуін ұйымдастыру;

2.7. кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

2.8. қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

2.9. жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған жағдайда оқиғаларды тексеруге қатысу;

2.10. білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

2.11. тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға көлік қызметі мен қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.

Білім беру ұйымы:

2.12. білім алушылардың өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен беліленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

2.13. білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушылардың еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2.14. тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;

2.15. білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

- 2.16. осы шарттың ережелеріне сәйкес, білім алушылардың тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практика өтуіне жағдай жасауға;
- 2.17. практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;
- 2.18. бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушылардың кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;
- 2.19. білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 2.20. білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындау үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;
- 2.21. кәсіптік практика аяқталған соң білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

Кәсіпорын:

- 2.22. жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 2.23. кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 2.24. білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;
- 2.25. білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;
- 2.26. білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің күтуіне сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

4.1. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

4.2. Егер Тараптар даулы мәселелер бойынша келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Осы шартта көзделген мәселелерде

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шарт тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 2030 жылға дейін әрекет етеді.

5.2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

5.3. Осы келісім шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заңды күші бар, үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

5.4. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Білім беру ұйымы:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР ҒЖБМ

160012, Алматы қаласы, Тауке хан даңғ., 5

БИН: 180840014093

Тел: 8(7252)214367

Факс: 8(7252)210141

Басқарма төрағасы

Ахмед-Заки

(қолы)

М.О.

МҚЖО орталығының директоры

Т. Аубакирова

Каф. Менгерушісі

Еркінұлы Бағдат

Директор

М.О.

Кәсіпорын:

ҰРМҚА Шалқын қ. Ә. ша департаменті
(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)

БИН: 180840014093

Тауке хан даңғалы 6

(заңды мекен-жайы)
8(725)253-01-28

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

